2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің №1 хаттамасы.

Күні: 29.08.2024ж.

Қатысқандар: 17

Тақырыбы: „Жоспарлар, нұсқаулықтар, ақпараттар".

Күн тәртібінде:

1. Күнтізбелік - тақырыптық жоспарлар әзірлеу және бекіту.
2. Пән мұғалімдердің қызметін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің жаңа 2024-2025 оқу жылына арналған негізгі бұйрықтарымен таныстыру.

1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар әзірлеу және бекіту туралы ДТӘЖЖО Жаппарова Г.А. сөз алды. Гүлжахан Абдуллақызы күнтізбелік-тақырыптық жоспар пән бойынша бағдарлама негізінде құрылатынын түсіндіріп айтты. Сабақ жоспарын әдістемелік тұрғыдан сауатты жазылуын талап етті.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мұғалімнің пән бойынша оқу бағдарламасын орындау үшін, үй тапсырмаларын айдан-айға реттеу үшін керек. Күнтізбелік - тақырыптық жоспар әр сыныпқа арнап Мемлекеттік білімдік стандарттарға сәйкес әзірленеді.

Күнтізбелік - тақырыптық жоспардың әзірлену деңгейі мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің өлшемі болып табылады.

Нақты жоспар - әрбір басқару циклінің дайындық кезеңі, сондықтан оған мектеп басқару ісінің ғылыми жолмен келе жатқандығын көрсетеді. Жоспар қысқа, нақты айқын болуы керек. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды уақыт міндетті түрде

көрсетілуі керек. Үй тапсырмаларын да нақтылап көрсетіледі. Күнтізбелік-тақырыптық жоспардың көшірмесі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына тапсырылады.

2. Мектептегі барлық пән мұғалімдері Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. 2024 жылғы 2 қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы 2025 жылға 23 мамыр.

Тілдерді кезең-кезеңімен оқыту шеңберінде 3-сыныпта „Шетел тілі" соның ішінде ағылшын тілі пәнін оқыту енгізіледі.

„Көркем еңбек" пәнен кезең-кезеңмен „Бейнелеу өнері" және „Еңбекке баулу" пәндеріне бөліп оқыту 3-сыныпта жалғасады, 4-сыныпта „Көркем еңбек" пәні оқытылады.

Тілдік пәндерді аз оқытуда, жұмыс жасаудың бірқатар артықшылықтары бар екені айтылады:

— білім алушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттыру;

— жеке іздену, жауапкершілікті, бастамашылықты дамыту.

— зерттеу жұмысын жүргізу, ақпаратты талдау және проблемаларды шешу дағдыларын қалыптастыру

— ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын жақсарту.

— білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

— халықаралық байланыстардың қалыптасуына ықпал ету

— білім алушыларға алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беру. тілдік пәндерге қатаң

Осы жолы талап қойылды.

3. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын: 2024 жылғы 1 қыркүйек - 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;

1-9 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс - күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда)

2-тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда)

3-тоқсан - 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда.

1-сыныптарда қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда)

4-тоқсан - 8 оқу аптасы

Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 шілдеде №34720 болып тіркелді.

Аталған мәселелер бойынша:

1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар дұрыс әзірленіп, әдістемелік бірлестік жетекшілері қадағалап, тексеріп, бекітілсін.

2. Пән мұғалімдерінің ұсыныстарын ескере отырып, қызметтері дұрыс ұйымдастырылсын

3. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің жаңа 2024-2025 оқу жылына арналған негізгі бұйрықтарымен таныстырылып, сол бұйрықтарға сәйкес жұмыс атқарылсын.

Төрайымы: [signature] ДҒІЖЖО Жаппарова Г.Ә.

Хатшы: [signature] Рыскельдиева З.Б.

2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің №2 хаттамасы.

Күні: 17.10.2024ж

Қатысушылар: 17

Тақырыбы: „Білім беру бағдарламасының мазмұны мен өзектілігі".

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтыруларды енгізілуі бойынша жұмыс.

2. Оқушылардың бейімділігі мен қызығушылықтарын зерттеу: дарындылықтың барлық түрлерінің критерийлерін нақтылау.

3. „Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын оқу.

4. Білімдегі олқылықтарды толтыру үшін жұмыс жасау. Пәндер бойынша білімде жіберілген олқылықтарды жою жоспарының орындалуы.

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтыруларды енгізілуі бойынша ДТІЖЖО Жақпарова Г.А сөз алды.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбегінде:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

3. Әлеуметтік педагог:

оқу жылы басталғанға дейін:

әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық форматта word (ворд) немесе pdf (пдф) бір рет әзірлейді және оқу жылы ішінде жүзеге асырады.

оқу жылы ішінде:

1) мектептің әлеуметтік паспортын „Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінде (электронды форматта).
2) мектептегі білім алушы туралы мәліметті „Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінде (электронды форматта) жүргізеді.

4. Педагог - психолог:

оқу жылы басталғанға дейін бір рет және оқу жылы ішінде:

педагог - психологтің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында әзірлейді және іске асырады:

оқу жылы ішінде педагог - психологтің консультацияларын есепке алу журналын (қағаз немесе электрондық форматта word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) жүргізеді.

2. Мектептегі оқушыларды дара тұлға етіп тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстар мақсаты:

1. Оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге бағыттау.
2. Білімі мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу.
3. Өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.
4. Аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Оқытудың негізгі мотиві - танымдық мотиві, өйткені таным арқылы балаға оқу қуанышы мен тұрақты қызығу әкеледі.

Оқушылардың өзі - өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу тәрбие жұмысының барысында сана сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету - мұғалімнің басты міндеті. Оқушының қоғамдық жұмысқа деген ынтасы, тапсырманы орындаудағы жауапкершілігі, орындаушылығы мен инициативтілігі, өзіне және жолдастарына қойғыштығы, қоғамдық тапсырмаларды орындаған кезде басқаларға көмектесуге әзір тұруы, ұйымдастырушылық іскерлігінің болуы осылардың барлығы бірінен бірі ажырамастай ұштасып жатады.

3. „Педагог мәртебесі туралы"- Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы N 645 қаулысы.

„Педагогтың мәртебесі туралы" заңдағы 21 бапты ДТЭЖЖО Жаппарова Г.Д оқып шықты.

21-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізу

тәртібі:

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар.

2-бап. Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасы.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы.

4-бап. Педагог мәртебесі.

5-бап. Педагогтік әдеп.

6-бап. Педагогтің кәсіптік қызметін қамтамасыз ету

7-бап. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары.

8-бап. Педагогтың материалдық қамтамасыз етілу құқығы

9-бап. Педагогтің көтермеленуге құқығы.

10-бап. Педагогтік қайта даярлау.

11-бап. Педагогтің кәсіптік қызметімен айналысуға қол жеткізуді шектеу.

12-бап. Әлеуметтік кепілдіктер

13-бап. Тәлімгерлік

14-бап. Педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау)

15-бап. Педагогтің міндеттері

16-бап. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңес

17-бап. Педагогті кәсіптік даярлау.

18-бап. Педагогтің біліктілігін арттыру

19-бап. Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.

20-бап. Өтпелі ережелері

21-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі.

4. Оқушының біліміндегі олқылықтардың алдын алу және жою мұғалім жұмысындағы маңызды құрамдас бөліктердің бірі болып табылады. және бұл жұмыстың қанағаттанарлықсыз сапасы оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою оқушы үшін іс жүзінде мүмкін болмайтын жағдайға дейін жиналуына әкеледі және ол тұрақты сәтсіздікке ұшырайды.

Педагогтардың олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру жұмыстарына байланысты кеңестер, ұсыныстар берілді. Сонымен қатар жас мамандарға „1-сыныптың бейімделуіне байланысты кеңестер", „Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізуге арналған кеңестер", „Жұмыста кездесетін қиындықтарды шешу" тақырыптарындағы жұмыстарын директордың орынбасарымен әдістемелік туралы өткізілді. 2024-2025 оқу жылында өрлеу арнайы қамқорлықты қажет ететін балалар айынан бастап пән мұғалімдерімен БЖБ, ТЖБ жұмыстарының нәтижесі

бойынша білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Аталған мәселелер бойынша:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуі бойынша жұмыс жасалсын.

2. Оқушылардың бейімділігі мен қызығушылықтарын зерттеу, дайындылықтың барлық түрлерінің критерийлері нақтылансын.

3. „Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының заңын оқу міндеттелсін.

4. Білімдегі олқылықтарды толтыру үшін жұмыс жасалсын. Пәндер бойынша білімде жіберілген олқылықтарды жою жоспары орындалсын.

Төрайымы: [signature] - ДТӘЖЖО Жаппарова Г.Л.

Хатшы: [signature] Рыскельдиева З.Б.

2024 - 2025 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің

№3 хаттамасы.

Күні: 20.12.2024ж.

Қатысқандар: 17

Тақырыбы: „Білім сапасының жетілдірудің жаңа бағыттары"

Күн тәртібінде:

1. 7-9-сыныптарда негізгі пәндердің оқытылу жағдайы. Тоқсан соңындағы оқу материалын мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және бекіту. Әдістік бағалау стандарттары.

2. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу іс-әрекетінің сапасын арттыру бойынша жұмыс

3. Дарынды оқушылармен І жарты жылдық жұмысының қорытындысы.
4. Оқушылардың 2 тоқсандағы оқу жетістіктерін бақылау.
5. 7-9 сыныптарда химия пәнінің оқытылу жағдайын бақылау.

1. 7-9 сыныптардағы негізгі пәндер бойынша білім олқылықтарын толықтыру жоспарлары бекітіліп, қосымша сабақтар кестесі құрылды. Мектепте оқушылардың білім сапасын арттыру, білім сапасын бағалау тобының жоспарлары жасалынып дарынды оқушылармен жұмыс жоспары құрылды. "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың тиімді әдістері арқылы оқушылардың өздік білім алу мен өзін-өзі жетілдіруге баулу" өзекті тақырыбы аясында мақсаттарға бағытталған оқу-тәрбие жұмыстары жоспарлы түрде жалғастырылды.

Оқушыларды тестілеуге дайындау қосымша сабақтар кестесі құрылды. Тарих, қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімдері оқушылардың оқу сауаттылығы мен логикасын дамытуға бағытталған мәтіндермен түрлі жұмыс тәсілдерін шеберлікпен жүйелі өткізді.

ІІ-тоқсан бойынша қорытындылау, негізгі пәндер бойынша оқытылу жағдайы туралы ДТӘЖЖО Жапарова Г.А баяндама оқып, қорытындылады.

2. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу іс-әрекетінің сапасын арттыру бойынша жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы ережелері туралы айтылды.

3. Дарынды оқушылармен жұмыстың мақсаты: Математика, физика, орыс тілі, қазақ тілі, химия, ағылшын тілі пәндерінің қабілеті жоғары оқушылардың интеллектуалдық шығармашылық, жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, жеке жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыру.

Негізгі принциптері: оқушымен жеке ынтымақтастық және сенімді қарым-қатынас орнату.

- Болжамдап отырған нәтиже: Оқу бағдарламасына сай білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тануға, өзін өзгелермен салыстыра алатын, іс әрекетке талдау жасай алатын жоспарлау мүмкіндігі қалыптасқан тұлға.
Міндеттері: Баланың жеке тұлғалық ерекшелігін дамыту, оны қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау. Балалардың жалпы және даралық қабілеттерін анықтай алуына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.
Барлық негізгі пәндер бойынша дарынды оқушылармен I жартыжылдық жұмысын қорытындылау үшін ДТІЖжЖО Жаппарова Т.А сөз сөйледі.

4. Оқушылардың II тоқсандағы оқу жетістіктерін бағалау, оқушылардың формативті және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылады. Оқушылардың жетістіктері ескеріліп. Оқу үздіктері мен екпінділерінің тізімдері ұсынылды. II тоқсандағы оқушылардың жетістіктері ескеріліп, мақтау қағаздары берілді. Пән бойынша олимпиадаға қатысқан оқушылар ескеріліп, марапатталды.

5. 7-9 сыныптарда химия пәнінен зертханалық және практикалық жұмыстар қорытындыланды. Химия пәнінен ашық сабақтар өтілді. Оқушылар оқу бағдарламасының ерекшеліктері, пәнді оқытудағы ұйымдастырудың формалары мен әдістері, жоспарлары айтылды

Айтылған мәселелер бойынша:

1. 7-9 сыныптарда негізгі пәндердің оқытылу жағдайы, тоқсан соңындағы оқу материалын, мазмұнын меңгеру деңгейі анықталып, бекітілсін.

2. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу іс-әрекетінің сапасын арттыру бойынша жұмыс жасалсын.

3. Дарынды оқушылармен 1 жартыжылдық жұмысының қорытындысы бекітілсін.

4. Оқушылардың II-тоқсандағы оқу жетістіктері бағалансын.

5. 7-9 сыныптарда химия пәнінің

оқытылу жағдайы бақылансын қадағалансын.

Төрағасы: ДТІЖЖО Жаппарова Г.А.

Хатшы: Рыскельдиева З.Б.

2024-2025 оқу жылындағы
әдістемелік кеңестің №4 хаттамасы

Күні: 17.03.2025ж

Қатысқандар: 17

Тақырыбы: „Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру"

Күн тәртібінде:

1. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу және әдістемелік оқу қызметінің нәтижелерін талдау.

2. „Ұстаз" платформасына мұғалімдердің жетістіктерін жүйелі түрде жүктеу, жаңа платформа туралы түсініктеме жұмыстарын жүргізу.

3. Көктемгі демалыс кезінде мұғалімдердің семинарларға қатысуын, тәжірибе алмасуын бақылау.

1. Мектебімізде осы жылы Ақтаева А, Тажиқаева А, Сұлтанова З, Сапыбалдиева Г, Тәзіберген Г, Маханова Д, Қантаипова Г. т.б. мұғалімдер аттестаттаудан өтуі тиіс. Осы мұғалімдердің сабақтарына барынша қатысып, әдістемелік оқу қызметінің нәтижелерін талдадық. Мұғалімдер аттестаттаудан өту дайындығымен болысты. Сабақтар жақсы, өз деңгейінде жүйелі түрде өтті. Әсіресе Тайжанова Роза мұғалімнің сабағы ерекше талқыланып, үлгі ретінде ұсынылды.

2. "Ұстаз" ұлттық платформасы – бұл педагогтардың кәсіби дамуына арналған бірегей құрал аттестация мен мониторг үшін бірегейлі функцияларды біріктірген. Платформаның негізгі артықшылықтарының бірі – аттестацияға қажетті барлық деректерді бір жерде жүктеу мүмкіндігі. Сонымен қатар, платформа педагогтың жұмыс сапасының динамикасын қадағалау функциясын ұсынады. Нәтижелерді талдау және жаңа даму мақсаттарын қоюға көмектесетін көрнекі графиктер мен көрсеткіштер арқылы прогресті визуализациялау жүзеге асырылады. "Ұстаз" платформасы туралы ДТЗЖЖО Жаппарова Г.А. сөз алды. Әрі қарай информатика пәнінің мұғалімі түсініктеме жұмыстарын жүргізді.

3. Көктемгі демалыс кезінде бірнеше мұғалімге семинарларға қатысып, тәжірбие алмасуына әдістемелік кеңес ұсыныс жасады. Қала іиіндегі бірнеше мектептерге барып семинарларға қатысуын талап етті. Жоспарланған семинарлардың тізімі берілді. Қатысқан семинарлардан міндетті түрде видео, фото есеп беруі қадағалынады. Тәжірбие алмасуға өте үлкен мүмкіндік. Мұғалімдерді семинарларға қатысуы бақыланады.

Аталған мәселелер бойынша:

1. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу және әдістемелік оқу қызметінің нәтижелері талдансын.

2. Ұстаз платформасына мұғалімдердің жетістіктері жүйелі түрде жүктелсін, жаңа платформа туралы түсініктеме жұмыстары жүргізілсін.

3. Көктемгі демалыс кезінде мұғалімдердің семинарларға қатысуы, тәжірбие алмасуы бақылансын.

Төрайымы: [signature] ДТЗЖЖО Жаппарова Г.А.

Хатшы: [signature] Рыскелдиева З.Б.

2024-2025 оқу жылындағы
әдістемелік кеңестің №5 хаттамасы:

Күні: 20.05.2025.

Қатысқандар: 17

Тақырыбы: „2024-2025 оқу жылының әдістемелік жұмыстар қорытындысы"

Күн тәртібінде:

1. Пәндер бойынша білімде жіберілген олқылықтарды жою жоспарының орындалуы.
2. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу іс-әрекетінің сапасын арттыру бойынша жұмыс.
3. Дарынды оқушылармен ІІ жартыжылдық жұмысының қорытындысы.

1. Ұстаздардың пәндер бойынша олқылықтарды жою олардың орнын толықтыру жұмыстарына байланысты кеңестер, ұсыныстар берілді. Сонымен қатар жас мамандарға „Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізуге арналған кеңестер", „Жұмыста кездесетін қиындықтарды жеңу" тақырыптарында жұмыстары директордың әдістемелік жөніндегі орынбасарымен бірлесе ұйымдастырылып өткізілді.

2024-2025 оқу жылында пән мұғалімдерімен БЖБ, ТЖБ жұмыстарының нәтижесі бойынша білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілді.

— Әдістемелік бірлестіктері оқу пәндері бойынша білім алушылардың оқу пәндеріндегі әлсіз тұстары мен күрделі тақырыптарды анықтау бойынша отырыстар өткізілді.

— Цифрлық білім беру ресурстарын белсенді пайдалану, үздік педагогтардың авторлық сабақтары, республикалық конкурс жеңімпаздарының тәжірибесін қолдану ұсынылды.

– пән мұғалімдеріне арналған тегін ресурстардың сілтемелері берілді, сабақ барысында пайдалануда.
– 2024-2025 оқу жылының әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес семинар, коучингтер өткізілді.
Педагогтардың олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру жұмыстарына байланысты кеңестер, ұсыныстар берілді.
Белгіленген кесте бойынша онлайн режимінде қосымша сабақтар жүргізілуде.

2. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу іс-әрекетінің сапасын арттыру бойынша жұмыстар жоспарланып, орындалды.
Стандартта Заңға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Стандартты қолдану: – оқытудан күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген негізгі орта білім беру мақсаттары жүйесіне қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға
– орта білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің әртүрлілігі жағдайында негізгі орта білім берудің баламалылығын қамтамасыз етуде.
– білім беру ұйымдарында инновациялық практиканы қолдауға және дамытуға

3. „Дарынды оқушы – ұлт болашағы" десек әр мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады.
Балатай Әсел қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі, 9"Д" сынып оқушысы Сұлтанқызы Әймекенді „Жарқын болашақ" республикалық олимпиадаға қатыстырып, II жүлделі орын алды. Сонымен қатар қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Укубаева У.А 8"А" сыныбының дарынды оқушысы Рысбек Аяуланы қалалық олимпиадасына қатыстырып, жүлделі III орынды иеленді.
Ағылшын тілі пәні мұғалімі Анзеева Ж 5 сынып оқушысы Ордабек Маржанды қалалық олимпиаданың аудандық кезеңінен III орын иегері атанды.
Тарих пәнінен дарынды 6 оқушы қалалық „Менің көкі Отаным" олимпиадасына қатысып, алтауы да жүлделі III орын алды.
Орыс тілі және әдебиеті пәнінен дарынды екі оқушы Оразгелді Әзере және Дәулет Жанерке қалалық олимпиададан жүлделі III орын алды.
Жоғарыда аталған оқушыларды және

Оларды дайындаған ұстаздарды бұл жеңістерімен құттықтай келе, мектебіміздің еліміздің келер болашағы үшін еңбек еткендеріңіз үшін алғыс білдіреміз.

Аталған мәселелер бойынша:

1. Пәндер бойынша білімде жіберілген олқылықтарды жою жоспары орындалсын.
2. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу іс-әрекетінің сапасын арттыру бойынша жұмыс қадағаланып, орындалсын.
3. Дарынды оқушылармен II жартыжылдық жұмысының қорытындысы анықталсын.

Төрайымы: [signature] — ДҒӘЖЖО Жаппарова Г.А.

Хатшы: [signature] Рскельдиева З.Б.